"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИКОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

26.04.2021-ғы № 03-18/2014 шығыс хаты

«Ұлы дала ауылдары» қоғамдық бірлестігіне

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің Шардара ауданы әкімдігінің "Шардара аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) өткізілген №5580965-1 «Сыбайлас жемқорлықты алдын-алу мәселелері» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алуына қатысты 13.04.2021 жылғы №98588 хатңызға сәйкес, төмендегіні хабарлайды.

ҚР 27.11.2000 жылғы №107 «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 20-3 бабы 2 тармағы 5 – тармақшасына сәйкес, шағымда шағым беруші тұлға өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайлар және дәлелдемелер көрсетуі тиіс.

Сонымен қатар, ҚР 12.01.2007 жылғы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 5 бабы 1 тармағы 2 – тармақшасына сәйкес, мәселенің мәні баяндалмаған өтініш қаралуға жатпайды.

Сіздің өтінішіңізді зерделеу барысында анықталғандай, мәселенің мәні баяндалмаған және талаптарыңызды негіздейтін мән – жайлар мен дәлелдемелер көрсетілмеген, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының бұзылғандығы жөнінде нақты уәждер келтірілмеген.

Осыған орай, жоғарыда аталған заң нормаларына сәйкес, Сіздің өтінішіңізді қарау мүмкін болмауына байланысты, өтінішіңіз қаралмай кері қайтарылатынын хабарлаймыз.

Камералдық бақылау – ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 5-тармағына сәйкес мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғандығын мәлімдейміз.

ҚР 12.01.2007 жылғы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа шағым жасауы мүмкін екені түсіндіріледі.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

✍: С.Кузенбаев
☎: 35-00-35